

Жаңабірлік және Тобылжан ауылдарының көшелеріне атаулар беру туралы

Ақмола облысы Астрахан ауданы Астрахан ауылдық округі әкімінің 2010 жылғы 21 маусымдағы № 2 шешімі. Ақмола облысы Астрахан ауданының Әділет басқармасында 2010 жылғы 26 шілдеде № 1-6-131 тіркелді.

"Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңының 14 бабының 4) тармақшасына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 35 бабының 2 тармағына сәйкес, халқының пікірін ескере отырып, Астрахан ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - Ақмола облысы Астрахан ауданы Астрахан ауылдық округі әкімінің 27.02.2017 № 1 (ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

1 Жаңабірлік және Тобылжан ауылдарының көшелеріне атаулар берілсін:

Жаңабірлік ауылына- Жеңіс атауы;

Тобылжан ауылына – Речная атауы.

2.Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3.Осы шешім Астрахан ауданының әділет басқармасында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Астрахан ауылдық
округінің әкімі*

Б.Алтаев

"КЕЛІСІЛДІ"

*Астрахан ауданының "Мәдениет
және тілдерді дамыту бөлімі"
мемлекеттік мекемесінің бастығы*

М.Сексенбаев

*Астрахан ауданының "Сәулет
және қала құрылысы бөлімі"
мемлекеттік мекемесінің бастығы*

Н.Герасимова